

**«ҚР ӨНДІРУШІ ӨНЕРКӘСІБІН ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ
БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРІ»
КЛИМАТТЫҚ ДИАЛОГТЫҢ
ҚАРАРЫ**

**Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
29-30.04.2022**

ҚР Ұлттық экономика министрлігі «Жасыл Академия» ҒБО-мен бірлесіп, ҚР-ғы Еуропалық Одақ Өкілдігі мен ЭЫДҰ-ның Орталық Азиядағы SIPA өңірлік платформасының қолдауымен ұйымдастырылған Климаттық диалогқа қатысушылар – мемлекеттік органдар (СЖДА, СИМ, ИИДМ), ғылым, бизнес және ҮЕҰ өкілдері халықаралық және ұлттық сарапшылар ұсынған баяндамаларды талқылап, ҚР-ның көміртекті бейтараптылыққа қол жеткізу Стратегиясының жобасына (КБЖС) келесі ұсынымдар қабылдады:

1. Қазақстан жаһандық температураның 2°C-тан жоғары көтерілуіне жол бермеу және оның 1,5°C-тан аспауы үшін белсенді көмек көрсету мақсаты қойылған Париж келісімін ратификациялады. Осы мақсатқа жету үшін 2025-2030 жылдарға қарай парниктік газдар шығарындыларын азайту саласында қабылдаған ұлттық міндеттемелерге(ОУВБ) қол жеткізу бойынша нысаналы көрсеткіштерді және технологиялық жаңғырту шараларын бекіту арқылы елімізге 2060 жылға қарай отын-энергетика және тау-кен секторын көміртектендіріп, климаттық бейтараптыққа қол жеткізуге дайындығын көрсетуі қажет.

2. Қазақстан Үкіметі болашақ Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясына, технологиялық артта қалудың алдын алу, халықтың денсаулық, әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін жақсарту, сондай-ақ халықаралық климаттық қаржыландыру құралдарын тарту мақсатында қазбалы отыннан ЖЭК, геотермалдық және сутегі көздерін қоса алғанда, "жасыл" энергия көздерін пайдалануға энергетикалық көшу саясатын тұжырымдап, іске асыруға кірісуі қажет.

3. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев (2020 жылғы желтоқсанда) белгілеген 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін Қазақстанды дамытудың негізгі бағыттары мыналар болуы тиіс:

1) жаңартылатын энергия көздерін орталықсыздандыру; 2) энергия тиімділігін арттыру, ең алдымен өндіруші салаларында; 3) шағын және орта "жасыл" бизнесті қолдау; 4) карьерлердің көлік жүйелерін электрлендіруді қолдау; 5) халықаралық стандарттарды ескере отырып, шығарындылар мониторингін жетілдіру; 6) шығарындылар саудасының ашық, тиімді жүйесін енгізу және оны халықаралық стандарттармен интеграциялау; 7) көміртегі емес экспортты ұлғайтуға мүмкіндік беретін қолданыста жоқ спирт зауыттарында отын этанолын (биоэтанолды) өндіруді ұйымдастыру, оны өндіру үшін шикізат ретінде қант қызылшасы егістерін кеңейту.

4. Қазақстан өндірістің энергия сыйымдылығы жоғары және өндірістік әлеуеті ескірген әлемнің 10 елінің қатарына кіреді. ТМК және ОЭК кәсіпорындарын терең жаңғыртуға бағытталған төмен көміртекті дамудың пәрменді стратегияларын әзірлеуді қажет етеді, онда:

- 1) парниктік газдар шығарындылары 2060 жылға қарай нөлге дейін азайтылады;
- 2) өндіру - тасымалдау - қайта өңдеу - өнімді өткізуден тұратын өндірістік циклді цифрландыру негізінде интеграцияланған жүйелер енгізіледі;
- 3) табиғи капиталды қорғау, тұрақты басқару және қалпына келтіру қамтамасыз етіледі;

4) тау-кен өндіру аумақтары азаматтарының денсаулығы мен әл-ауқаты шығарындылар мен қоршаған ортаның жай-күйімен байланысты тәуекелдер мен әсерлерден қорғалынады.

4.1 Стратегия таза энергияға әділ және инклюзивті көшуді қамтамасыз етуге бағытталған қажетті инвестициялар мен тиімді қаржыландыру құралдарының пакетін қамтуы тиіс.

4.2 Стратегия экономиканың барлық секторларын (ТМК мен ОЭК-тен басқа) - көлік, энергетика, ауыл шаруашылығы, құрылыс және инфрақұрылымның басқа да салаларын қамтуға тиіс.

4.3. Стратегияның маңызды құрамдас бөлігі ретінде БҰҰ КӨНК талаптарына сәйкес және сандық, оның ішінде блокчейн технологияларын пайдалана отырып ұйымдастырылған шығарындыларды мониторингтеудің ашық жүйесі болуы тиіс.

5. Осы кешенді міндеттерді іске асыру жұртшылықтың міндетті қатысуымен және мүмкін БҰҰ-ға есепті арнайы орталықтар мен институттар құру арқылы халықаралық әріптестердің (ЕО, ЭЫДҰ, Дүниежүзілік Банк, АДБ және басқа да халықаралық қаржы институттарының) қолдауымен Қазақстан үшін арнайы кешенді бағдарлама әзірлеуді талап етеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық әріптестерді Қазақстанның климаттық бейтараптығына қол жеткізу бойынша күш-жігерді біріктіруге және Париж келісімін іске асыру мақсатында COP-27 қарсаңында тиімді әріптестіктің прецедентін құруға шақырамыз.